

"Қазалы ауданы бойынша салық салу объектісінің аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 31 мамырдағы №100 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 5 маусымдағы № 102 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 маусымда № 7510 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27, 50-баптарына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазалы ауданы бойынша салық салу объектісінің аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 100 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6347 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 29 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі

М. Ергешбаев